# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Аягөз қалалық № 2бөбекжай- балабақша»КМҚК
«Бұлдіршін» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 04 - 08.09.2023ж.
Педагогтың аты-жөні : Мамиева О .Т.
Тексерілді: ________________Әдіскер: Альсеитова Г.М.

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балалардың демалыс күндерін қалай және қайда өткізгендері туралы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Өсімдіктерді тамақтандыру".** Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екенін түсіндіру, өсімдіктерге қоректік заттарды бере отырып, топырақтың құнары таусылатынын, өсімдіктерді қоректендіру керектігі туралы айту. Өсімдіктерді қоректендіру жолдарын түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен еңбектену керектігін түсіндіру. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** | **"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық".** Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау:тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою және орнына жинау. **(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасында<br>Қолды бұрын созбаймыз.<br>(Сөйлеуді дамыту) | дағды) | Таза болды мұнтаздай.<br>Тағамға қол созамыз<br>(Дене шынықтыру) | | Мәдени гигеналық дағды) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.<br>**Шаттық шеңбер**<br>Отан деген - Атамекен,<br>Отан деген - туған жер.<br>Отан - ана, Отан - үлкен,<br>Қазақстан - туған ел.**(Отанға деген сүйіспеншілікке баулу)** | | | | |
| | «Не артық»<br>Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады<br>( Математика негіздері) | «Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу.<br>Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларының жақсы көре алады | «Теңін тап»<br>Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. | «Дүкенші»<br>Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді | «Кім шапшаң»<br>Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Дене шынықтыру**<br>«Секіру»<br>**1. Мақсаты:** | **Музыка**<br>Музыка жетешісімен жүргізіледі. | **Дене шынықтыру**<br>«Секіру»<br>**1. Мақсаты**: бір орында тұрып екі | **Музыка**<br>Музыка жетешісімен жүргізіледі<br>**«Досыма доп** | **Дене шынықтыру**<br>«Секіру»<br>**1. Мақсаты**: бір орында тұрып екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | бір орында тұрып екі аяқтап секіреді<br>**Қимылды ойын:**<br>«Доптарды кім тез жинайды?»<br>**Мақсаты:**<br>Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танынады<br>**Дидактикалық ойын:** «Қай мезгіл»<br>**Шарты:**<br>шеңбер бойымен тұрып мезгіл аттарын атау<br>**Күтілетін нәтиже:**Көктем | **Қимылды ойын**:«Қайда жасырылғанын тап»<br>**Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады**(Дене шынықтыру)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Көкөністер»<br>**Шарты:**<br>Көкөністерді таңдау.<br>Балалардың өз беттерінше жұмыс жасауы.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Қарындашты дұрыс ұстай алады.<br>**(Сурет салу)** | аяқтап секіреді<br>**Қимылды ойын:**<br>«Доптарды кім тез жинайды?»<br>**Мақсаты:**ептілік жылдамдыққа тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мысық пен тышқан»<br>**Мақсаты:**<br>балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Өрмелеу негізгі қимыл түрлерін игерген.**(Дене шынықтыру)**<br>**Дидактикалық ойын:** «Досыма арналған гүл»<br>**Шарты:** Балаларға гүлдер туралы түсінік беру.<br>Ермексаздың қасиеттерін | **сыйлаймын» ойын**<br>**Мақсаты:** Балалар доп туралы түсінік бере отырып,дайын дөңгелек пішінді бояу<br>-Біз бақытты баламыз<br>-«Әр қашан күн сөнбесін»<br>Саусақпен сурет салу.<br>**«Тату достар».**<br>Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>-Кім билегенді ұнатады?<br>**(Музыка)**<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Музыканы қызығушылықпен тыңдай отырып, өлең жолдарын қосылып айта алады.<br>Дос туралы тақпақ:<br>**«Тату достар».**<br>Балаларға әуенді тыңдап, | аяқтап секіреді<br>**Қимылды ойын:**<br>«Доптарды кім тез жинайды?»<br>**Мақсаты:**ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу<br>**«Ханталапай» ойыны**<br>Мақсаты: ұлттық ойынды дәріптеу<br>**Дидактикалық ойын: «Біздің үй»**<br>Шарты:Геометриялық пішіндер арқылы үй құрастырып, пішіндерді атау<br>**Күтілетін нәтиже:**Пішіндерді, түстері ажыратады<br>**Дид.ойын:**<br>«Ертегі кейіпкерлерін ата»<br>**Мақсаты:** Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы өлеңдерді жатқа біледі **(Көркем әдебиет)** жапырақтар(мүсіндеу) | | біледі(**Мүсіндеу,сурет салу,сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру** ) | өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.<br>-Кімнің қандай өнері бар?<br>Кім билегенді ұнатады?<br>**(Музыка)**<br>. | үйрету,балалардың танымдық қасиетін дамыту, логикалық ойлау, есте сақтау, ойдан құрастыру қабілетін дамыту |
| **2- таңғы ас** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Серуен картотекасы<br>№ 1<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз күлеміз.(Сөйлеуді дамыту) | Серуен картотекасы №2<br>Бақылаймыз айналаны,<br>Танысамыз табиғатпен (Жапсыру) | Серуен картотекасы №3<br>Болса да кішкентай,<br>Балақайлар бақшада<br>Құстарды қорғайды.(Сурет салу) | Серуен картотекасы №4<br>Артық қағаз әлдене қалдықтарын қоқыс салатын жәшікке тастаған жөн (Қоршаған ортамен таысу) | Серуен картотекасы №5<br>Итерісіп-қағысып төбелесіп жүретін жан тәрбиелі кісі деп саналмайды.(Көркем әдебиеті) |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, тазалыққа баулу.**(Физикалыққасиеттері мен өзіне-өзіқызмететудағдылары)** | | | | |
| **Түскі ас** | Ас үстінде көп сөйлемеген дұрыс. | Ас үстінде көп сөйлеп, Көп күлуге болмайды. | Асықпай іш тамақты, Жалама аяқ-табақты | Нанды үгітпе, қадірле, Қабығымен бәрін же. | Тамақ ішіп болған соң аузың мен қолыңды майлық шүберекпен сүрту қажет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күндізгі ұйқы** | Әлди, әлди ақ бөпем «Бесік жыры» (Музыка) | «Үш лақ» ертегісі (Көркем әдебиет) | Әлди, әлди ақ бөпем «Бесі жыры» аудио тыңдату. (Музыка) | «Бауырсақ» ертегісін оқып беру | «Жақсы жатып, жайлы тұр!»(Қазақ тілі) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру, мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.**(Физикалық қасиеттері)** | | | | |
| **Сауықтыру шаралары** | Музыка ырғағымен біртіндеп қане тұрамыз, ұйқымызды ашамыз, Қандай түс көрдік айтамыз. | Жастықтан біз тұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяғымызды жазамыз,<br>Үлкен болып өсеміз. | Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық,<br>Жаттығулар жасайық.<br>Ұйқымызды ашайық. | Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақ тап,<br>Тастан -тасқса секіріп,<br>Жалаң аяқ жүгіреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз. | Көздеріңді ашыңдар<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір-біріңе жымиыңдар<br>Оңға, солға бастарыңды бұрыңдар. |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)** | Саусақ ойыны: Кел санайық санамақ, Саусақтарды даралап: бас бармағым алғашқы, балан үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы, Шынашағым бәріне ортақ алақан (Математика негіздері) | «Көбелектер әлемі» жаттығуы . (Дене шынықтыру) | Кітаптар қарау: Кітаптарым жыртылса түбі түсіп қыркылса, Желімдеймін жамаймын оларды дос санаймын. | Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Мақсаты: жылдамдыққа, ұйымшылдыққа үйрету. | Шығармашылық бала қажеттілігіне қарай дамыту. Сурет салу Жапсыру Құрастыру Мүсіндеу. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Бейімделу бойынша балалармен жеке жұмыстар жүргізу.<br>Қуанышпен,Көркемме н | Ұсақ қол моторикасын дамыту бойын ша түрлі заттармен ойындар Нұрасылмен,Қуан ышпен. | Тіл ұстарту бойынша артикулятциялық жаттығулар.<br>Нұрасылмен | Танымдық дағдыларын дамыту бойынша зерттеу жұмыстары.<br>Әмірәлімен,Қуанышпен | Шығармашылық дағдысы бойынша дамыту.<br>Алинұрмен, Көркеммен |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенгешығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу.<br>Еркіндік ойын . Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | | | | | |
| **Кешкі ас** | | | | | |

<table>
<tr>
<td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td>
<td colspan="5">Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)<br>Театр қойылымдары.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Сюжетті-рөлдік ойын.<br>"Ойыншықтар дүкені".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "ойыншықтар" дүкені жайлы түсініктерін бекіту; сатушы мен сатып алушының іс-әрекетін меңгерту; жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу .<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қағаз ақшалар.<br>Барысы.<br>Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажет құралдарды (карточка, заттар, смартфон) алып, ойыншықтардың біреуін таңдап, қалауын айтады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырады, бағаларды белгілейді, сатып алушыларға тауардың артықшылықтары мен ерекшеліктерін айтып, оларды ұсынады.<br>Педагог диалог барысындағы ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, қорытындылау сұрақтарын қояды. (сөйлеуді дамыту)<br>Еркін ойындар.</td>
</tr>
<tr>
<td>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</td>
<td>Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.</td>
<td>Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда әдепті балалар өздерін қалай ұстау керек?»</td>
<td>«Асығыс тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес.</td>
<td>"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.</td>
<td>«Балаларға арналған үй жиһазы» атты сұрақ-жауап.</td>
</tr>
</table>

Galaxy A53 5G

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны: «Менің үйім»** Мақсаты: Үйді түрлі бөлшектерден жасауды үйрету. Оның неден тұратынын айту | **«Кім жоқ?»** Мақсаты: отбасы мүшелері туралы түсінік беру | **«Әдемі үйшік»** Мақсаты:Балалар өз еріктерімен үйшік құрастыру | **Суретті кітапша қарау.** «Дос боламыз бәріміз» | **«Ғажайып дорба»** Мақсаты: ойлау , есте сақтау қабілетін дамыту |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау** | | | | |
| | «Бақа-бақа балпақ» | «Көбелектер» жаттығуы | «Мен аюмын, аюмын» | «Көңілді көжектер» | «Аралар жаттығуы» |
| **Таңғы ас** | **(Мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары)** Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз. | | | | |
| | Дастарқанның басында Әдептен біз озбаймыз; Үлкендердің | Асқа отырар алдында міндетті түрде қолды жуу керек. (Дене шынықтыру. Мәдени гигеналық | Ойын жаттығу:Астың алды үнемі Сабын мен қолды жуамыз | Тамақ ішерде бәрәне «ас дәмді болсын» деп тілек білдіру керек. (Сөйлеуді дамыту) | Кір қолмен тамақ ішу денсаулыққа да қауіпті. (Дене шынықтыру. |